Ақша белгілері дизайнына авторлық құқық мәселесін реттеу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 27 қаңтар N 1528

"Қазақстан Республикасы Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңының негізінде және Қазақстан Республикасы ақша жүйесінің тұрақтылығына кепілдік күшейту мақсатында қаулы етемін:

1. Қолданылып жүрген азаматтық Заңдарға сәйкес банкноттар мен монеталардың бекітілген дизайны мемлекет меншігі болып табылады және оларға авторлық құқық жүрмейді деп белгіленсін.

2. Осы Жарлықтың Заңмен бірдей күші бар және ол "Қазақстан Республикасындағы ақша жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғанға дейін қолданылатын болады.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "Қазақстан Республикасындағы ақша жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне енгізсін.

4. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК